

## Хаттама N 1

Өткізілген күні: 04.09.2023 жыл.

Қатысқандар: 25

Тақырыбы: "Ұжымның жемқорлыққа жол бермеу мақсатында құрылған жұмыс жоспарын бекіту. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясын құру».

Күн тәртібінде:

- 1.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасымен таныстыру»  
баяндама директор м.а. З.К.Саттарова
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясын құру жауаптыларды тағайындау»  
директор м.а. З.К.Саттарова
3. Әр түрлі сұрақтар

Тындалды:

**1-мәселе бойынша:** Балабакша директоры м.а З.К.Саттарова сөз алды -Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы баяндамасы оқылып, тындалды. Сыбайлас жемқорлық-мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, паракорлығы. Өлінін қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен керініс табады. ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307 бап). билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап). қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лаулымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік - құқықтық актілер де қабылданды. Оларға "Мемлекеттік қызмет туралы" (2015ж. 23 қараша №416) және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" (2015жыл. 18 қараша №410) ҚР заңдары жатады. Сонымен қатар осы саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық актілер де бар.

**2-мәселе бойынша:** «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» комиссиясын құру жөнінде тоқталып өтті.

Комиссия құрамының төрайымы: директоры м.а. З.К.Саттарова

Төрайым орынбасары: Рахимжанова А.Е. - тәрбиеші

Хатшы: Сарсекеева Г.М.- тәрбиеші

Комиссия мүшелері: Нурмуханова А.Р. - спорт нұсқаушысы

Бейсенбаева С.К. - тәрбиеші


Шешімі:

1. Осы заңның орындалуын қадағалау жауапкершілігі тәрбиеші Шаханова Баян Бердикасимоваға жүктелсін.

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жоспары және комиссия құрамы бекітілсін.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

 директор м.а. З.К.Саттарова  
 Сарсекеева Г.М